

**NASEC**

НАЦИОНАЛЬНЫЙ АГРАРНЫЙ  
НАУЧНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ЦЕНТР



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АУЫШ АРУАШЫЛЫҒЫ  
МИНИСТРЛІГІ



Ы. ЖАҚАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ  
КҮРІШ АРУАШЫЛЫҒЫ ҒЫЛЫМИ-  
МЕТІДИ АНСТІТУТЫ



ҚЫЗЫЛОРДА БІЛІМ ТАВАТУ ОРТАЛЫҒЫ  
ЦЕНТР РАСПРОСТРАНЕНИЯ ЗНАНИЙ

## ЖҮРГІЗІЛГЕН КЕҢЕСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

тақырыбы: «Күріш өндірісінде су үнемдеудің өзекті мәселелері»  
«Су үнемдеу технологиялары» бағыты бойынша

Өткізу күні: «11» қараша 2025 жыл

Кеңес беру өткізілген орын:

Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Мырзабай ахун ауылы, «Баубек»  
ШҚ

Эксперт:  Тәуіпбаев С.Т.

«Ы, Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ҒЗИ» ЖШС  
Басқарма Төрағасы  Тәуіпбаев С.Т.



## ЕСЕПТІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

### **I. Консультацияны қажет ететін мәселе немесе мәселелер шеңбері:**

Күріш егістіктеріндегі негізгі өзекті мәселе - су ресурстарының шектелуі және бір гектарға жұмсалатын су көлемінің шамадан тыс жоғары болуы. Бұл келесіге әкеледі:

- күріш өндірісінің өзіндік құнының көтерілуі;
- су лимитінің жеткіліксіздігі;
- вегетация кезеңінде судың тұрақсыз берілуі;
- қуаңшылық жылдары өнім жоғалту қаупі;
- су үнемдеуге бағытталған жаңа технологияларды енгізу қажеттілігі.

Сонымен қатар, чектер ішіндегі судың біркелкі таралмауы, гидротехникалық құрылымдардың тозуы, судың фильтрациялық шығындарының жоғары болуы да шаруашылықтар тарапынан көтерілген мәселелер қатарында.

### **II. Эксперттің ұсыныстары мен кеңестері**

Консультация барысында Қазақ күріш шаруашылығы ҒЗИ мамандары су үнемдеуге арналған кешенді технологиялық және инженерлік шешімдер топтамасын ұсынды.

#### **2.1. Чек жүйесін жаңғырту**

##### **1 Лазерлік теңестіргішпен жер тегістеу**

Рельеф айырмасын 2–3 см деңгейіне келтіру:

- судың біркелкі жайылуына жағдай жасайды;
- су ысырабын 15–25% азайтады;
- артық қайта толтыру қажеттілігін жояды.

##### **2. Бөгет және аралық каналдарды нығайту (сазды қоспамен тығыздау немесе ПВХ лайнер қолдану)**

- фильтрациялық шығындар 10–18% төмендейді.

##### **3. Реттелетін гидротехникалық қондырғылар орнату (гейт-жүйелер)**

- су деңгейін дәл бақылауға мүмкіндік береді;
- чектер арасындағы артық су ағуын азайтады.

#### **2.2. Су үнемдеудің заманауи технологияларын енгізу**

##### **1. Су мониторингінің цифрлық жүйесін қолдану**

Эксперт ұсыныстары:

- чектерге су деңгейін өлшейтін датчиктер орнату;
- су шығынының онлайн мониторингі;
- каналдарға су беру процесін датчиктер арқылы автоматтандыру.

Нәтижесі:

- су үнемдеу 10–15%;
- еңбек өнімділігі 15–20% артады.

##### **2. Су тапшылығына төзімді сорттарды қолдану**

ҒЗИ ұсынған: Сыр сұлуы, Айсара.

Артықшылығы:

- тұрақты терең су қабатын қажет етпейді;
- күріштің пісу вегетациясы қысқарады;
- судың ауық-ауық берілуіне бейім.

### 3. Ұйымдастырушылық ұсыныстар

- вегетациялық кезеңге арналған су пайдалану картасын жасау;
- қызметкерлерді су деңгейін бақылау әдістеріне оқыту;
- бөгеттер мен каналдарға 10 күн сайын диагностика жүргізу;
- күріштің өсу фазасына қарай су беру нормасын түзету.

### III. Ұсыныстарды іске асырудан күтілетін нәтиже

Ұсынылған шараларды кешенді түрде енгізген жағдайда шаруашылық төмендегі нәтижелерге қол жеткізе алады:

- су тұтынуды 25–40% қысқарту;
- 1 гектар күріш алқабына жұмсалатын шығынды 12-18% азайту;
- су беру еңбек шығынын 15–20% төмендету;
- судың тапшылығы байқалған жылдары да өнімділікті 58-65 ц/га деңгейінде тұрақтандыру;
- экологиялық әсерді төмендету (дренаждық судың азаюы).

Орташа экономикалық тиімділік:

1 гектардан 25 000 - 45 000 теңге үнем.

### IV. Кеңес беру суреттері:

